

АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ

27 ақпан 2024 жыл

№ 1

Атырау қаласы

Жұмыспен қамтуды қолдаудың мемлекеттік шараларының орындалуы және Қоғамдық кеңестің 2023 жылғы 14 ақпандағы №1 қарапының орындалысы туралы

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, Атырау облысы Қоғамдық кеңестің отырысында «Жұмыспен қамтуды қолдаудың мемлекеттік шараларының орындалуы туралы және Қоғамдық кеңестің 2023 жылғы 14 ақпанды №1 қарапының орындалысы туралы» облыстық Жұмыспен қамтуды үлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы А.Мамбетовтың баяндамасын тындап, талқылап облыстық қоғамдық кенесі отырысы ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жұмыспен қамтуды үлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы А.Мамбетовтың баяндамасы қаперге алынын.

2. Жұмыспен қамтуды үлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына (А.Мамбетов):

1) Тәжірибелі жоқ жастарды жұмысқа орналастыру үшін ірі кәсіпорындармен, компаниялармен меморандумға отыру мүмкіндіктерін қарастыру;

2) Жұмыссыздықты жою бағытында бос орындар жәрмеңкесін үнемі үйымдастыру;

3) Мұнай-газ кәсіпорындары шоғырланған, мұнайлы өлкенің қолайсыз экологиясында өмір кешіп жатқан жергілікті тұрғындарды жұмысқа орналастыруға басымдық беру мүмкіндіктерін қарастыру, ірі мұнай компанияларының шетелден жұмысшылар алуына шектеу қойып, жергілікті мамандардың қабылдануын үйымдастыру;

4) Мұнай-газ кәсіпорындары шоғырланған, мұнайлы өлкенің қолайсыз экологиясында өмір кешіп жатқан жергілікті тұрғындарды жұмысқа орналастыруға басымдық беру мүмкіндіктерін қарастыру;

5) Мұнай-газ кәсіпорындары шоғырланған, мұнайлы өлкенің қолайсыз экологиясында өмір кешіп жатқан жергілікті тұрғындарды жұмысқа орналастыруға басымдық беру мүмкіндіктерін қарастыру;

6) Жаңадан ашылатын «Газды қайта өндеу» зауытының сервистік мекемелеріне жергілікті халықтың жұмысқа алынуын қадағалау;

7) Мұнай-газ кәсіпорындары шоғырланған, мұнайлы өлкенің қолайсыз экологиясында өмір кешіп жатқан жергілікті тұрғындарды жұмысқа орналастыру;

8) Инвотаксилерге бөлінетін қаржының орынды жұмсалуын бақылап отыру;

9) Еңбек мобиЛЬдік орталығының жұмысын жақсарту, қызметкерлердің жауапкершілігін күшейту ұсынылсын.

3. Шетелдіктерге жұмыс жасауға арнайы рұқсат беру және төлейтін салық қөлемін көтеру жөнінде тиісті жоғары органдарға хат жолдау облыстық қоғамдық кеңеске тапсырылсын.

4. Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы (П.Хасанов):

1) Облысымда шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мақсатында ұйымдастырылған жобалар мен қарастырылған қаржылар туралы жаңа ақпаратты адам саны көп тіркелген пабликтер арқылы жариялау;

2) Бизнесті дамыту бағытында оқу, кеңестер ұйымдастыру, бизнес жоспарларды тегін жасап беру мүмкіндігін қарастыру;

3) Кәсіпкерлерге қолдауды күшейту бағытында тиісті жұмыстарды жалғастыру;

4) Мемлекеттен берілетін қайтарымсыз гранттар мен жеңілдік пайызben берілетін микрокредиттер туралы БАҚ-ы арқылы жариялау және толық ақпараттандыру, гранттар беру жөніндегі комиссия құрамына қоғамдық кеңес мүшелерін енгізу;

5) Атырау қаласынан кәсіпкерлерге арналған орталық ашып, зангерлік және т.б консультацияларды тегін беруді ұйымдастыру;

6) Жергілікті халықты азық-түлік өнімдерімен қамтитын кәсіпкерлерді қолдау, облыс бойынша азық-түлік қауіпсіздігі жоспарының жүзеге асуын бақылау ұсынылсын.

5. «Атырау-Ақпарат» ЖШС-нен жұмыспен қамтылу және кәсіп ашу мүмкіндіктері мен осы бағыттағы зандағы соңғы өзгерістер туралы халыққа кең көлемде түсінік беру үшін тиісті мекеме басшылары және қоғамдық кеңес мүшелерінің қатынасуымен ток-шоу ұйымдастыру ұсынылсын.

6. Осы қарапда берілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпаратты 2025 жылдың 1 қаңтарына дейін кеңес хатшылығына ұсынуды және атқарылған жұмыстар бойынша кеңес отырысында баяндау ұсынылсын.

Кеңес төрағасы



М.Ізбасов